Дол. из 1551, 1555

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

5 қаңтар 2025 жыл іс №6309-24-00-2-3468 Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шығыс «Өңірлік қолбасшылығы» Республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6638 әскери бөлімі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Шығыс «Өңірлік қолбасшылығы» Республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6638 әскери бөлімінің жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

жеке кәсіпкер Кемелбаев Бағлан Қанатұлынан мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Н.С.Нурсапинов

Копия верна
Судья Тургамбаев Т

Справка Решение суда вступило в законную силу 14 февраля 2025г

Судья Тургамбаев Т

Құжатпен қарастырылған Нурсапинов Н.С., 05.03.2025

09-29-1/836